

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ  
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Адастана

## Ақшамы

### 25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН  
ОЛЖАЛАҒАН

## «Астана Балет» Алматыға аттанады

Ашылғанына үш жылға жуық уақыт болса да, өздерінің бекзат өнерімен еліміз түгілі шет мемлекеттегі көрермендерді тәнті етіп жүрген театрдың табысы айтарлықтай десек болады. Алматы – ежелден руханият пен мәдениеттің киелі ордасына айналған қала. Тұрғындардың да талғамы жоғары. Сондықтан, аталған өнер ұжымы гастрольдік сапарға мұқият, тыңғылықты дайындалған.

– Біз Алматыға алғаш театр құрылған кезде бардық. Одан бері де екі жылдан аса уақыт өтті. Осы аралықта шығармашылық ұжым бірталай табыстарға жетті. Репертуар қоржыны молайды. Талантты жастардың қатары көбейді. Сондықтан, әсем қала жұртшылығына тамаша сый жасағымыз келеді. Біз бұған дейін де еліміздің жеті қаласында гастрольдік сапарда болдық. Көрермендер өте жылы қабылдады. Бұл біз үшін үлкен жетістік, – деді «Астана Балет» театрының директоры Валерий Күзембаев



Айталық, үш күндік өнер сапарының алғашқы шымылдығы адамды тылсым сырға тартатын «Би ғаламаты» бағдарламасымен ашылмақ. Оның біріншісінде – «Әлем» (хореограф Н. Дмитриевский, музыкасы А. Амар, Б. Гафаров), ал екіншісінде – биылғы ақпан айында елордада тұсауы кесілген «GAIA» (хореограф Р. Амаранте, муз. Х. Таварес) балетінен үзінділер қояды. Екінші күні «Бір актілі балеттер» кеші өтеді. Онда көрермендерге «GAIA» мен «Кармен» (Хореограф М. Авахри, муз. Ж. Бизе – Р. Щедрин) спектакльдері ұсынылады. «Кармен» қойылымы – 2015 жылы Санкт-Петербурда өткен «Звезды белых ночей» фестивалінде жоғары бағаланған. Өнер сапары «Астана Балет GALA » концерттік бағдарламасымен тәмамдалады. Бағдарлама аясында «Айдар тағылғандар» (хореограф М. Авахри, музыкасы Қ. Шілдебаев), «Елес» (хореограф Н. Маркелов, музыкасы И. Стравинский), «Болеро» («Клеопатра» балетінен үзінді, хореограф Н. Маркелов, музыкасы

М. Равель) сынды хореографиялық миниатюралар ұсынылады.  
Бір сөзбен түйіп айтқанда, бекзат өнерді биік тұтқан тетрдың өнерпаздары  
Алатаудың бөктеріндегі алып қаланың тұрғындарын ұлы дала мен шығыс  
сарыны үйлескен ғажайып би мен саздың сиқырына бөлеп қайтады.

Азамат Есенжол